

**М. Б. Нұрмаханбет, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының 1-бағам тыңдаушысы**

**Ғылыми жетекші: А. Б. Рахметуллаев, ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының ІІО басқару кафедрасының оқытушысы**

## **КӘСІБИ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САНАНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ**

Сана—тек адамға ғана тән қасиет. Адамның болмысты бейнелеудің ең жоғары сатысы. — сана дәрежесіне көтерілуі, бір жағынан алғанда, оның жақсы жетілген жүйке жүйесінің қызметіне байланысты болса, екінші жағынан, адамның қоғамдағы қызметі мен еңбек тәжірибесіне байланысты.

Психика, сана — материяның ең жоғары түрде дамыған жемісі және әрекеті. Адамның объективтік дүниені бейнелеп танып білуі сезімнен тікелей абстрактылы ойға қарай дамиды, ал ойлаудың нәтижелері өмір тәжірибесі мен қоғамдық іс-әрекет арқылы тексеріледі. Осының нәтижесінде анықталған ақиқат болмыс пен оқиға-ның бейнелері біздің ақыл-ойымыз бен санамызға әсер етіп, білім қорымыз бен танымымызды жетілдіреді.

Құқықтық сананың әлеуметтену процессімен екі жағынан байланысы бар.

Бір жағынан, адамның өмірлік тәжірибесі мен практикасы оның құқықтық саладағы бағдарлар, қатынастар, құнды бағдарлар қалыптасуына әсерін тигізеді. Құқықтық таным мазмұны (құқықтық хабардарлығы, құқықтық ышындықты бағалау, заңды мінез-құлық мотивациясы) адамның әлеуметтік байланыстарына, қоғамның құқықтық мәдениетіне, өміріне қатынасу деңгейіне, құқықтық ақпарат меңгеруге әсер ететін әлеуметке қарсы топтарға кіруіне бағынады.

Екінші жағынан, құқықтық таным адамның құқық тәжірибесін бейнелеуімен қатар адамның жүріс-тұрыс мотивтерін белгілейді. Сыртқы әсерлерден пайда болып, кері байланыс принципі бойынша құқықтық таным адам әрекетін бағыттайды, құқықтық жағдайда лайықты жол табуға әсерін тигізеді, яғни жүріс-тұрыс реттеу функциясын атқарады.

Құқықтық таным тұлға сана элементі ретінде үш компоненттен тұрады:

1. Зерделік (танып-білу) компонент — құқықтық білім мен ептілік суммасынан қосылады.

2. Эмоционалық (бағалау) компонент – құқықтық нормаға деген қатынас, оны бағалау (позитивті, негативті баға беру, оған немқұрайлы қарау).

3. Мінез-құлықтық (эмоциялық-жігерлік) компонент — заңды жүріс-тұрысқа дайын болу, оны қабылдау, заң бұзушылыққа төзбеу, құқық ережелерін орындауға бағыттану.

Құқықтық әлеуметтену процессінде әртүрлі әлеуметтік әсерлерден, тұлғалық себептерден құқықтық таным тек қана зерделік, заңды білу деңгейіне шейін қалыптасуы мүмкін. Бұл деңгей заңды мінез-құлық дамуына жеткіліксіз болады, өйткені адам заң ережелерін біліп тұрып, оны бұзуы мүмкін. Құқықтық танымның бағалау компоненты толық түрде қалыптасса да (адам заңды біледі, оны дұрыс, позитивті қабылдайды), ол адамның заңды бұзуына кепілдік бере алмайды. Адам қашанда да алдамшы күйіге келуі, пайда табу үшін заңды бұзуға елігу жағдайына түсуі мүмкін, немесе оған басқа адамдар психологиялық қысым жасауы ықтимал.

Құқықтық білімдер жағымды сезімге бойянып, құнды бағдарларға, ішкі ниетке, тұрақты сенімге, күнделікті жүріс-тұрыс формасына көпсе ғана адам әрекетін толық түрде реттей алады.